

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1188 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 желтоқсандағы N 1272 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 11 қыркүйектегі № 774 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 11.09.2015 № 774 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Тасымалдаушының әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыруына байланысты залалдарын субсидиялау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1188 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 45, 564-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Тасымалдаушының әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыруына байланысты залалдарын субсидиялау ережесінде:

5-тармақтың төртінші абзацындағы "өткізілген конкурстардың нәтижелері бойынша" деген сөздер алынып тасталсын;

1 7 - т а р м а қ т а :

"ай сайынғы" деген сөздер алынып тасталсын;

"жүзеге асырылған және" деген сөздерден кейін "жыл басынан бастап" деген сөздер мен толықтырылсын;

"1" деген сан "1-1" деген сандармен ауыстырылсын;

19-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы Ережеге 1 және 1-1-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жолаушылар тасымалын орындау туралы ай сайынғы есепті және жыл басынан бастап жолаушылар тасымалын орындау туралы есепті;"

көрсетілген Ережеге 1-қосымшадағы 15-баған алынып тасталсын; осы қаулыға қосымшаға сәйкес 1-1-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2005 жылғы 22 желтоқсандағы

№ 1272 қаулысына

қосымша

Тасымалдаушының әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыруына байланысты залалдарын субсидиялау ережесіне

1-1 қосымша

Жолаушылар тасымалын орындау туралы есеп

200__жылдың_____

(жыл басынан бастап)

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Кезең	Поезд N	Қаты- нас	Қ а - шық- ты қ, км	Қаты- нау кезең- ділігі	Вагон түрі	Құрам- дағы вагон- дардың орташа саны	Вагон- дардың жүрген жолы, ваг/км	Жолау- шы айна- лымы, ж о - лаушы, км	1 жо- лаушы, км орташа өзін- дік құны, тг

кестенің жалғасы

11	12	13	14	15	
Жолау- шылар тасы- мал- данды	Ж о л бағыты бой- ынша кіріс, мың тг	Тасымалдар бойынша шығыстар		К і р і с п е н жабылмайтын шығыстар, мың тг	
		МТЖ қыз- мет- тері, мың тг	Локо- мотив тарты- мының қыз- мет- тері, мың тг		Тасы- мал- дау- шының шығыс- тары, мың тг